

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА
LITERARY STUDIES AND FOLKLORISTICS

МҒТАР 17.07.51

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss2pp229-243](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss2pp229-243)

Б. Әбдіғазизұлы¹, Т. Е. Нурғали¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, 050010, Қазақстан

**ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВТЫҢ «БЕКТОРЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ» ӘҢГІМЕСІНІҢ
КӨРКЕМДІК-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Тәуелсіздік кезеңінен бергі қазақ әдебиетіндегі көркемдік үдерістер ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басындағы қоғамдық-әлеуметтік өзгерістермен тығыз байланысты. Мифтік образдың жаңаша интерпретациясы, урбанизация, нарықтық қатынастардың орнығуы және құндылықтар жүйесінің ауысуы әдеби мәтіндегі адам болмысының бейнелену сипатына ықпал етті. Ұлттық дүниетаным мен қазіргі әлеуметтік шындық «Бекторының қазынасы» әңгімесінде бір-бірімен қақтығысады. Таласбек Әсемқұлов көне мифтік бейнені бүгінгі қала өмірінің ішіне енгізіп, адам таңдауының қаншалықты төмендеп кеткенін көрсетеді. Сондықтан зерттеу мақсаты - «Бекторының қазынасы» әңгімесінің көркемдік және идеялық табиғатын ашу, ондағы негізгі мағыналық қабаттарды нақты талдау. Әсіресе Бекторы образының дәстүрлі мифтік сипаттан шығып, урбанистік кеңістіктегі психологиялық әрі әлеуметтік символға айналуы маңызды. Зерттеудің бағыттары мен идеяларына мифопоэтикалық, интертекстуалдық, нарратологиялық және концептуалдық талдау қолданылды. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы шығарма қазіргі қазақ қоғамындағы моральдық іркілісті, еркіндік пен жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті бейнелейтін әлеуметтік-философиялық мәтін ретінде қарастырылды. Мұнда «жүрек» жай ғана сезім атауы емес, ақша, мансап және адамдық қалпын сақтау арасындағы таңдаудың белгісі. Іс жүзінде әңгіменің қуаты оқиға желісінде ғана емес, оқырманды өз таңдауына қайта қарауға мүмкіндік береді. Практикалық маңыздылығы тәуелсіздік кезеңі қазақ прозасын оқытуда, көркем мәтінді терең талдау үдерісінде және мифтік образдардың қазіргі әдебиеттегі қызметін түсіндіруде қолдануға келеді. Зерттеу нәтижесінде әңгіме адамдық жауапкершілік, еркіндік және моральдық таңдау мәселелерін тек теория емес, нақты рухани сынақ ретінде көрсетеді. Зерттеудің құндылығы осы себепті «Бекторының қазынасы» әдеби мәтін ғана емес, бүгінгі адамның ар-ұжданымен бетпе-бет келетін кеңістік ретінде айқындалады.

Кілт сөздер: ұлттық дүниетаным, мифопоэтика, интертекстуалдық, урбанистік кеңістік, «жүрек» концептісі, нарратология.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мақаланың негізгі ережелері Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесі негізінде жазушы прозасындағы көркемдік-идеялық ерекшеліктерді, ұлттық рух пен тарихи жадтың көркем бейнелену тәсілдерін айқындауға бағытталады. Көркем әдебиет – ұлттың тарихи жадысын, рухани құндылықтарын, дүниетанымдық ұстанымдарын сақтайтын әрі көркемдік формада ұсынатын мәдени-эстетикалық жүйе ретінде қарастырылады. Әдеби мәтін арқылы халықтың өмір тәжірибесі, моральдық-этикалық қағидалары мен ұлттық болмысы көрініс табады. А.Әділованың пікірінше «Көркем мәтін басқалардан мейлінше бөлек

пішімімен, тілімен айрықшаланады. Көркем мәтін жай ғана ақпараттық, коммуникативтік, эстетикалық, кумулятивтік құрылым емес, ол сол ерекшеліктері негізінде жаңа мән-мағына тудыратын, мәдени тұрғыда бұрыннан жинақталған білімді жандандыратын, жаңғыртатын және жаңа білім немесе танымды туындататын, қалыптастыратын (генерациялық) қасиетке ие». [1, 12]. Осы себепті көркем прозаны зерттеу тек эстетикалық тұрғыда ғана емес, идеялық, философиялық және мәдени қырынан кешенді түрде қарастыруды талап етеді. Қазақ прозасын талдағанда көркемдік идеяны ғана емес, сол идеяның тіл арқылы қалай жұмыс істейтінін де елемеуге болмайды. Осы бағытта Х. Нұрмұханов, А. Әділова, Р. Сыздықова, Х. Кәрімов, Е. Жанпейісов, Б. Хасанов, М. Серғалиев, Б. Шалабай, Т. Қоңыров секілді ғалымдардың еңбектері маңызды тірек береді. Олар көркем мәтіндегі стильдік жүйені, авторлық қолтаңбаны, сөздің эстетикалық және мағыналық жүгін әр қырынан қарастырды [2, 223].

Қазіргі әдеби талдауда шығармадағы оқиға желісін баяндап шығу аздық етеді. Негізгі мәселе - автор қандай дүниетанымды алға тартады, ұлттық ойлау жүйесін қандай бейне, қандай символ, қандай қақтығыс арқылы береді. Осы тұста А. Қасабектің ұлттық руханият туралы пікірі зерттеу үшін маңызды. Ғалым: «Әлемдегі халықтардың, ұлттардың, нәсілдердің бәріне тән құндылықтарымен қатар, әр халықтың өзіне тән тарихи қалыптасқан рухани, мәдени байлықтарын, адамгершілік қасиеттерін, яғни өзіндік құндылықтарды жандандыру, солардың негізінде жаңа белеске көтерілу бүгінгі таңның талабына айналуға. Сондықтан да белгілі бір жағдайға байланысты қазақ халқының тоқыраған философиялық және тарихи құндылықтарын терең зерттеу, олардың ішкі жалпыадамдық өркениет аясындағы даму бағыттарын зерделеу - қоғамдық ғылымдардың алдында тұрған басты мәселелердің бірі», - деп жазады [3, 115]. Бұл пікір қазақ прозасындағы рухани таңдау мәселесін түсіндіруге жақсы келеді. Әсіресе материалдық пайда мен адамдық ұстаным бетпе-бет келетін «Бекторының қазынасында» да тартыс сыртқы оқиғадан емес, адамның ішкі әлсіздігінен туады. Байлық, мансап, уақытша аман қалу - бәрі ұсынылады. Бірақ соның бағасы бар. Жазушы осы бағаны оқырманға дайын үкім ретінде бермейді, керісінше, таңдаудың салмағын сездіреді. Іс жүзінде рухани құндылық туралы әңгіме көбіне жалпы сөзге айналып кетеді, ал жазушы оны нақты жағдаятқа түсіреді.

Зерттеуде отандық әдебиеттанумен қатар шетелдік теориялық еңбектер де әдіснамалық арқау ретінде алынды. Көркем мәтіндегі архетиптік құрылымдарды талдауда К. Рёслер ұсынған архетип теориясының қазіргі түсіндірмелері ескерілді [4]. Символдың қалай жұмыс істейтінін, мәтіндегі жасырын мағыналардың қандай белгілер арқылы ашылатынын қарастыруда Э. М. Аббардың семиотикалық пайымдары қажет болды [5]. Автор, кейіпкер және мәтін арасындағы көпдауысты қатынасты түсіндіруде А. Тринецқа қарастырған диалогизм мәселесі назарға алынды [6]. Ал мифтік үлгілердің жаңа дәуірде қалай өзгеретінін, әсіресе архетиптердің заманауи мәдени кеңістікте қайта жасалатынын А. Верма мен Д. К. Верма зерттеулері арқылы нақтылауға мүмкіндік туды [7].

Таласбек Әсемқұлов шығармашылығы ұлттық рух пен тарихи жадты жай тақырып ретінде алмайды, екеуін адам өміріндегі нақты таңдау сәтіне әкеледі. «Бекторының қазынасында» дәстүр мен қазіргі уақыт бір-біріне сырттай жалғанбайды, ішкі қақтығысқа түседі. Бір жағында - байырғы түсінік, ар, жүрек, жауапкершілік. Екінші жағында - пайдаға құрылған жаңа қатынас, тез шешім, жеңіл келісім, қарсы қою арқылы жазушы адам болмысының осал тұсын ашады.

Зерттеу барысында әңгімедегі «қазына» сөзі дәстүрлі мағынадағы байлықпен шектелмейді. Ол рухани қорды, тарихи есте сақталған тәжірибені, адамның ар алдында жоғалтпауға тиіс ішкі тұтастығын білдіреді. Т. Әсемқұлов осы ұғымды тура түсіндірмейді, қайта оны кейіпкердің таңдауымен, Бекторының ұсынысымен, жүрекке қатысты метафоралық желімен ашады. Сол себепті «қазына» бір ғана символ емес, мәтіндегі негізгі мағыналық түйінге айналады. Көркемдік детальдар да кездейсоқ алынбаған. Символ, этнолексика, ұлттық танымға жақын тілдік бірліктер мәтіннің ішкі ойын күшейтеді. Әрбір сөз авторлық идеяны тіке жарияламай, астармен жеткізуге қызмет етеді. Осы қырынан алғанда «Бекторының

қазынасы» тек мифтік негізі бар әңгіме емес, қазіргі адамның моральдық шекарасын тексеретін көркем мәтін ретінде оқылады.

КІРІСПЕ

Тәуелсіздік жылдарынан кейін қазақ прозасының тынысы өзгерді. Өзгергені тек тақырып емес - адамға, байлыққа, еркіндікке, арға деген көзқарас та қайта таразыланды. Академик Р. Нұрғали «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» еңбегінде XX ғасыр әдебиетін ғылыми тұрғыдан бағалаудың өзекті мәселелеріне тоқталады: «XX ғасыр әдебиетін жаңаша пайымдау, оның кезең-кезеңіндегі стильдік-жанрлық ізденістеріне, бейне, көркемдік қазынасына баға беру, талантты қаламгерлер шығармаларының эстетикалық байлығын анықтау, бір сөзбен, бос топырақтан кенді аршып алу - жеңіл-желпі шаруа емес, бұл көп қайрат-қажыр жұмсауды талап ететін ұзақ шиыр», - деп жазады [8, 3].

Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиетті де дәл осылай үстірт шолып өту қиын. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында қала өмірі күшейді, әлеуметтік жіктелу тереңдеді, нарықтық қатынастар күнделікті тіршілікке кірді, несие, банк, жеке табыс секілді ұғымдар адам тағдырына тікелей ықпал ете бастады [9, 18-19]. Әдебиет мұндай өзгерісті сырттай бақылап қалған жоқ. Ар-ұят, намыс, жауапкершілік, мейірім тәрізді рухани ұғымдар жаңа тарихи жағдайда қайта сыналды. Қазіргі қазақ прозасында «ақша - еркіндік пе?», «қала - мүмкіндік пе, әлде құндылықтар қақтығысының ортасы ма?», «жеке табыс қоғамдық жауапкершілікті ығыстыра ала ма?» деген мәселелердің алдыңғы қатарға шығуы соның айғағы. Жазушы ұлттық дүниетанымның көне қабаттарын бүгінгі әлеуметтік мәселемен беттестіреді. Ол архаикалық образдарды көне жәдігер ретінде алмайды, өзекті мәселеге айналдырады. «Бекторының қазынасы» әңгімесі соның дәлелі.

Таласбек Әсемқұловтың прозалық әлемінде этнографиялық жад, мифтік ойлау және адам болмысына қатысты сұрақтар бір-бірінен ажырамайды. Жазушының әңгімелері кейде қарапайым оқиғадан басталады. Бірақ мәтін ілгерілеген сайын сол оқиғаның астынан тұтас бір дүниетаным ашылады. Жазушы ұлттық рух туралы ұран көтермейді; оны адамның таңдау сәтінен көрсетеді. Қорыққан кезде не істейді? Пайда ұсынылғанда неден бас тартады? Ішкі әлсіздігін ақтай ма, әлде соған қарсы тұра ма? «Бекторының қазынасы» дәл осындай сұраққа құрылған. Әңгімеде «Ер Төстік» ертегісіндегі Бекторы қазіргі қала кеңістігіне келеді. Бірақ ол енді ертегідегі жай жау кейіпкер емес. Т. Әсемқұлов оны адамның ішкі дүниесін тексеретін, оның қорқынышы мен жасырын қалауын дәл ұстайтын метафизикалық күшке айналдырады. Бекторының ұсынысы сырттай тартымды көрінеді. Мансап бар, ақша бар, қорғаныш бар. Бірақ төлемі – жүрек. Осы тұста әңгіме ертегіден алыстап, қазіргі адамның моральдық шекарасын тексеретін мәтінге айналады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі де осы жерден шығады. «Бекторының қазынасын» тек мифтік сюжетке құрылған шығарма деп қарау аз. Әңгімеде мифопоэтикалық интертекст, урбанистік хронотоп, капитал логикасы және рухани-этикалық таңдау бір мәтіннің ішінде түйіседі. Оның мектеп бағдарламасына енуі де кездейсоқ емес. Шығарма жас оқырманға ұлттық дүниетанымды дайын анықтама арқылы емес, нақты моральдық қақтығыс арқылы сезіндіреді. «Бекторының қазынасы» әңгімесі сыни ойлауға, құндылықтық рефлексияға, дәлелді интерпретацияға үйретеді. Әсіресе «жүрек» концепті маңызды. Әңгімедегі тірі жүрек пен мәрмәр жүрек қарама-қарсылығы жай көркем деталь емес. Ол адамның өз болмысынан айырылу қаупін көрсететін негізгі семантикалық түйін. Тірі жүрек – қиналады, бірақ жауап береді. Мәрмәр жүрек - қауіпсіз көрінуі мүмкін, алайда онда мейірім де, ұят та, ішкі қозғалыс та жоқ.

Зерттеудің мақсаты - Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесіндегі көркемдік-идеялық жүйені талдау арқылы тәуелсіздік дәуіріндегі рухани-этикалық мәселелердің қалай бейнеленгенін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін бірнеше міндет қойылады:

- әңгімедегі «Ер Төстік» интертекстінің қызметін және Бекторы бейнесінің қазіргі прозада қалай өзгергенін талдау;
- урбанистік хронотоп пен капитал дискурсының, соның ішінде ресторан, банк, несие жүйесі тәрізді детальдардың мәтіндегі қызметін ашу;
- «жүрек» концептісінің этикалық және экзистенциалдық мазмұнын қорқыныш, кек, мейірім, жауапкершілік ұғымдарымен байланыстыра қарастыру;
- мәтін композициясын реализм, метафизика, түс пен ояну қабаттары арқылы нарратологиялық тұрғыдан сипаттау.

Зерттеудің практикалық маңызы нақты. Жұмыс нәтижелерін мектепте де, жоғары оқу орнында да қазақ әдебиетін оқыту барысында қолдануға болады. Әсіресе қазіргі прозаны талдау кезінде мәтінді қоғамдағы құндылықтар өзгерісінің «символдық картасы» ретінде қарастыру маңызды. «Бекторының қазынасында» қала кеңістігі, несие мен пайызға құрылған капитал логикасы, кек пен кешірім, мейірім мен қатыгездік, сиқырлы мәміле мен сынақ секілді желілер бір-біріне байланып тұр. Сол себепті әңгіме бір ғана әдіспен түсіндірілмейді. Оны интертекст тұрғысынан да, мифопоэтика жағынан да, нарратология мен концептология арқылы да оқуға болады. Мәтіннің ашықтығы осында. Бір оқырман одан әлеуметтік реализмді, екінші оқырман – мифтік шарттылықты, үшіншісі – адамның түпсанасындағы қорқыныш пен әлсіздік моделін көреді. Іс жүзінде осы көпқабаттылық шығарманы оқу мен оқытуды күрделендіреді, бірақ дәл сол күрделілік оны құнды етеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы «Бекторының қазынасы» әңгімесін жекелеген образдар немесе бір ғана идея төңірегінде емес, тұтас көркем жүйе ретінде қарастыруымен байланысты. Әңгіме құрылымы, композициясы, мифопоэтикалық интертекст пен қала кеңістігінің өзара байланысы, капитал дискурсы мен этикалық концепттердің - «жүрек», моральдық таңдау, жауапкершілік - мәтін ішіндегі қызметі кешенді талдауға алынады. Зерттеудің негізгі гипотезасы мынаған саяды: «Бекторының қазынасындағы» мифологиялық интертекст сыртқы сән немесе фольклорлық ишара ретінде ғана қолданылмайды. Ол шығармадағы ойлау жүйесін ұстап тұрған негізгі тетікке айналады. Бекторы образы, жүрек метафорасы, мәміле мотиві, қала мен капитал кеңістігі бір арнаға тоғысып, тәуелсіздік дәуіріндегі рухани-этикалық дағдарысты ашады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеудің материалы ретінде Т. Әсемқұлов шығармашылығын зерттеуге арналған отандық ғалымдардың еңбектері алынды. Сонымен қатар қаламгердің дүниетанымдық, көркемдік ойлау ерекшелігін ашу мақсатында өзінің зерттеу мақалалары да пайдаланылды. [11]. Осы мақаланың эмпирикалық негізін Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесінің толық мәтіні құрайды. Шығарма тәуелсіздік дәуірі прозасына тән аксиологиялық дағдарыс (құндылықтардың ауысуы), урбанистік хронотоп (Алматының «түнгі өмірі», капитал мен тұтыну кеңістігі), мифомистикалық дискурс (Бекторы архетипі, «жүрек» метафорасы, «түпсана» кеңістігі) сияқты бірнеше зерттеу өрісін бір арнаға тоғыстыратын күрделі нарративтік құрылым болғандықтан, материал бір ғана поэтикалық деңгейде емес, мәтіннің семантикалық, құрылымдық және мәдени-антропологиялық қабаттарын қатар қамтитын тұтас феномен ретінде қарастырылды. Мәтіннің ғылыми айналымда белсенді талдануы оның қазіргі қазақ прозасындағы мистикалық/мифомистикалық мотивтерді жаңаша қызметке жегу үлгісі ретінде бағалануымен де байланысты: мысалы, соңғы жылдардағы зерттеулерде «Бекторының қазынасы» әңгімесі тылсым күшті жеке «қиял» ретінде емес, дәуірлік психологияны, әлеуметтік қысымды және рухани ыдырауды модельдейтін көркем тетік ретінде түсіндіру үрдісі байқалады.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық базасы соңғы бес жылдағы қазақ әдебиеттануындағы мәтінді көпқабатты интерпретациялау тенденцияларымен үйлестірілді. Зерттеу барысында ұсынылатын негізгі гипотезалар мыналар: Бекторының жерасты сарайындағы шексіз

сөрелерге тізілген мәрмәр жүректер – жүрегін байлыққа, билікке, «бостандыққа» айырбастаған адамдардың символы. Бекторының «қазынасы» – жүрексіз адамдардың жүректері. Ал Қайырболды үшін шынайы қазына – мәрмәр жүректен бас тартып, өз тірі жүрегін қайтарып алу, яғни жанның, ардың, адамға деген жанашырлықтың, өз тамырын, әкешесін, ата-әжесін, сүйгенін сезе алатын қабілеттің қайта оралуы.

Бұл тұрғыда талдау логикасы екі арнаны бір-біріне кіріктіре отырып құрылды: біріншіден – «Бекторының қазынасы» секілді мәтіндердің мәдени жад пен мифтік сана ресурстарын іске қосу механизмін ашатын мифопоэтикалық және интертекстуалдық интерпретация. Екіншіден – жаңа теориялық парадигмалар мен талдау тәсілдерінің эволюциясын жинақтай қарастыратын қазіргі зерттеулердің бірі мәтінді зерделеуде жүйелі, салыстырмалы және герменевтикалық амалдардың қатар қолданылуын маңызды деп көрсетеді;

Зерттеуде әдістерді қолдану бірнеше кезең арқылы іске асырылды. Алғашқы кезеңде мәтін интерпретациялық-герменевтикалық оқу тәсілімен қайта-қайта оқылып, негізгі мағыналық түйіндер (байлық–еркіндік, жүрек–жүрексіздік, кек–кешірім, қорқыныш–батылдық, «түс» пен «өң» шекарасы) белгіленді; бұдан соң аталған түйіндер мәтін ішіндегі дәлелдермен (оқиғалық желі, диалогтық фрагменттер, символдық детальдар, композициялық ауысымдар) жүйеленді. Екінші кезеңде нарратологиялық талдау жүргізіліп, әңгіменің композициялық архитектурасы «ертегілік архетип– әлеуметтік реалистік хроника – метафизикалық/түпсаналық кеңістік – моральдық құлдырау – катарсис – метаэпилог» ретінде картаға түсірілді; бұл тәсіл туындыны «бір желілі оқиға» ретінде емес, мағына өндіретін күрделі құрылым ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Үшінші кезеңде мифопоэтикалық талдау арқылы Бекторы бейнесінің «Ер Төстік» ертегісіндегі архетиптік негізі қазіргі урбанистік кеңістікке көшкенде қандай семантикалық трансформацияға ұшырайтыны айқындалды: яғни Бекторы «сыртқы жау» типінен гөрі «моральдық сынақ жүргізуші», «адамның ішкі әлемін ашатын күш» функциясына ауысатыны дәлелденді. Бұл тұста қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтік мотивтердің функциясын жүйелейтін зерттеу нәтижелері әдіснамалық тірек ретінде пайдаланылды: онда «Бекторының қазынасы» заман тағдырын суреттеудегі тылсым күштің символдық мәнін күшейтетін мәтін ретінде аталады.

Төртінші кезеңде интертекстуалдық және мәдени-жадтық талдау жасалып, ертегілік кодтың (Бекторы, сынақ, «сиқырлы зат»/жүзік мотиві) мәтін ішінде әлеуметтік-этикалық дискурста қызмет ету жолдары қарастырылды. Мұнда интертекст тек «дәйексөз» немесе «реминисценция» деңгейінде қалмай, автордың қазіргі қоғамдағы құндылық дағдарысын түсіндіретін мәдени-символдық құралға айналатыны анықталды. Бұл бағытта заманауи пікір-талдаулар мен әдеби сын материалдары қосымша контекст ретінде тартылды: олар шығарманың метапрозалық сипатқа жақындығын, үш түрлі хронотоп арқылы бір тұлғаның тағдырын «көп өмір» түрінде көрсетуін атап өтеді. Бесінші кезеңде мәтіндегі негізгі аксиологиялық өзек – «жүрек» концепті концептуалдық-семантикалық тұрғыда талданды. Бұл ретте «тірі жүрек» пен «мәрмәр жүрек» оппозициясы тек психологиялық күйдің алмасуы емес, капитал дискурсының этикалық салдары туралы көркем тұжырым екені көрсетілді: «мәрмәр жүрек» – эмпатиядан арылған пайда логикасы; «тірі жүрек» – адамдық жауапкершілік пен моральдық өзін-өзі танудың шарты. Концептологиялық талдау мәтіндегі кілт сөздердің қайталану жиілігін санаумен шектелмей, олардың сюжет ішіндегі әрекетке айналуын, кейіпкер трансформациясын ілгерілетуін, конфликт динамикасын ұйымдастыруын дәлелдеуге бағдарланды.

Зерттеу нәтижесінде «Бекторының қазынасы» әңгімесінің көркемдік құрылымында мифопоэтикалық модельдің дәстүрлі фольклорлық функциядан шығып, заманауи әлеуметтік-философиялық мазмұнды жеткізудің пәрменді тетігіне айналғанын көрсетеді.

НӘТИЖЕЛЕР

Таласбек Әсемқұлов «Әлемде жеке дара өзі жаратылған, бөлек тұрған текст жоқ», яғни «өзім жараттым», «өзім жаздым» деу әбестік саналады. Кез келген туынды алдыңғылардың жалғасы, жұрнағы – дейді [10, 33]. Автор өзінің зерттеу еңбектерінде интертекстуалдық мәтіннің өз шырқынан асып, өзге ойға көлеңке түсіретінін айтады [10, 34]. Әсіресе «Ер Төстік» ертегісіндегі Бекторы бейнесінің трансформациясы бұл үдерістің негізгі өзегін құрайды. Жазушы өзінің бір сөзінде былай дейді: «Ең әуелі қандай да болмасын тексті пайымдай бастағанда, ол, өнер топырағынан өсіп шыққан ба, өнердің егеміндігінде тұр ма – осыларды анықтап алу керек». Әлемдік әдебиеттің жауһарларын сүзіп шықсаңыз, бүгінгі әдебиетіміздің құбылғыш мінезін «постмодернизмнің көріністері» деп ұққан боласыз [10, 29]. Т. Әсемқұлов өзінің «Сұлулықта ояну» атты мақаласында: «Батыста өткен ғасырдың екінші ширегі шамасында өрістеген постмодернизм деген мәдени құбылыс болған. Анығын айтсақ, бұл, суреткерліктен гөрі қабылдаушылыққа, тұтынушылыққа таман жақын тұрған, оқудың, тыңдаудың, тамашалаудың кілттипандарын көбірек түсіндіретін ілім [11, 5]. Жазушының бұл тұжырымы «Бекторының қазынасы» әңгімесінде авторлық ұстаным біржақты және тұйық күйде берілмей, символдық, мифологиялық және интертекстуалдық қабаттар арқылы күрделене түседі. Соның нәтижесінде мәтіннің көпмәнділігі артып, оқырман интерпретациясы негізгі мәнге ие болады. Постмодернистік поэтикаға тән ашық құрылым мен қабылдаушылық басымдығын айқындайды.

Жарылғапова Ж., Сыздықова Б., Қайырбекова А., Бабашов А., Шакирова К. зерттеулерінде әдебиеттегі миф белгілі бір қоғамның тарихи даму кезеңінде қалыптасқан ауызша бейнелі әрі поэтикалық дәстүрдің кеңейтілген сипаттамасы, қайталануы немесе жалғасы ретінде көрінетін көркем шығарма екені атап көрсетіледі. Сонымен қатар, мифологияның әдебиетке ертегілер, батырлық эпостар, халықтық сенімдер мен салт-дәстүрлер арқылы ықпал ететіні айқындалады [12, 6]. «Бекторының қазынасы» – мифологиялық кейіпкер мен қазіргі капиталистік қоғамды тоғыстырған ерекше туынды. Әңгіме Сағындықтың түсі арқылы берілген Қайырболдының тағдырына құрылады: кедей, бірақ адал жігіттің жүрегін Бекторының байлыққа айырбастауы, кейін қайтадан жүрегін қайтарып алуға ұмтылуы арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар ашылады. Мұнда қазақ дүниетанымындағы жүрек, қысастық, обал-сауап, ата-әже тәрбиесі, қарапайымдылық пен қанағат секілді ұғымдар қазіргі нарықтық қатынастармен, несие, банк, байлық, «ақшасы көп жұтаң» феноменімен бетпе-бет келеді.

Фольклорлық санада Бекторы көбіне қаһарман жолын бөгейтін, сыртқы қарсылас күш ретінде танылса, Т. Әсемқұлов прозасында ол адамның ішкі әлемін, моральдық таңдауын және құндылықтық бағдарын әшкерелейтін метафизикалық субъект дәрежесіне көтеріледі. Бұл өзгеріс әңгіменің тікелей мәтіндік деңгейінде де көрініс табады. Автор Бекторының өзін таныстыру сәтінде-ақ ертегілік архетип пен жаңа философиялық мағынаны қабаттастырады:

– Иә, иә, сол баяғы перінің қызы Бекторымын, – деген қыз, адамның ойын оқитын әдетімен, – Әжең талай айтып берген «Ер Төстік» [13, 283]. Аталған үзіндіде «сол баяғы» тіркесі дәстүрлі мифтік бейнеге сілтеме жасаса, әңгіменің кейінгі дамуы бұл бейненің функциялық тұрғыдан жаңарғанын дәлелдейді. Әңгімеде Бекторы кейіпкерді күштеп жамандыққа итермелемейді. Ол бұйрық бермейді, қорқытпайды, тек ең қауіпті нәрсені ұсынады - таңдауды.

– «Бар қылу үшін ол жүректі жоқ қылу керек... Өзің білесің. Бәрі де өз қалауыңда» [13, 283]. Осы тұста Бекторының бейнесі ертегідегі дәстүрлі жау қалпынан өзгереді. Ол Қайырболдыны жазалаушы емес, адамның ішкі шегін тексеруші күш ретінде сөйлейді. Ұсыныстың салмағы да сонда: сырттай қарағанда бәрі ерікті шешімге ұқсайды, бірақ сол «еркіндік» адамды өз жүрегінен бас тартуға әкеледі. Іс жүзінде мұндай таңдау толық еркін болмауы да мүмкін. Кедейлік, қорқыныш, әлеуметтік қысым секілді факторлар кейіпкерді

Бекторының шартына жақындатады. Сол себепті мифтік бейне мұнда жай фольклорлық ишара емес, әңгіменің моральдық түйінін ұстап тұрған негізгі тетікке айналады.

Алматы кеңістігі де әңгімеде кездейсоқ алынбаған. Қала тек оқиға өтетін мекен емес - ол Қайырболдының өзгеруіне әсер ететін құндылықтар алаңы. Автор түнгі Алматыны мейрамханалар, шамдар, қымбат көліктер, сәнді киімдер арқылы береді:

– «Алматының орталық көшелері қызыл-жасыл шамдармен сәулеленіп түнгі өмір басталады. Қымбат мейрамханаларға қымбат автомобиль мініп келіп түсіп жатқан, ақылға сыймас қымбат киім киіп, әшекей тағынған адамдар»... [13, 281].

Мұндағы қала романтикалық кеңістік емес. Ол - арбаудың, сыртқы жарқылдың, табысты адам бейнесіне табынудың ортасы. Қайырболды дәл осы ортада өзгереді. Кедей жігіттен ауқатты банкирге айналуы сырттай әлеуметтік өрлеу сияқты көрінеді. Бірақ мәтін оны жеңіс ретінде қабылдатпайды. Байлық көбейген сайын кейіпкердің мейірімі азаяды, басқаның мұңына салқын қарауы күшейеді. Осы жерде әңгіме бай болуды емес, байлық үшін қандай қасиет құрбан болғанын сұрайды.

Т. Әсемқұлов әлеуметтік жіктелуді ақша айырмасымен ғана шектемейді. Ол оны адам мен адам арасындағы моральдық қашықтық ретінде көрсетеді. Бұған банк кеңістігіндегі сөз ерекше дәлел болады:

– «Біз енді, жылап-еңіреп кіргендерге кеңшілік жасай беретін, ақша шашатын меценат емеспіз, демеуші емеспіз, - Қайырболды керіліңкіреп отырды, - Біз банкпіз»... [13, 286]. Сөйлемнің салқындығы әдейі сақталған. Мұнда банк – қаржы мекемесі ғана емес, жанашырлықтан айырылған ойлау үлгісі. «Біз банкпіз» деген тіркес Қайырболдының жаңа болмысын қысқа ғана ашып береді: бұрынғы аяушылықтың орнын есеп басқан, адамның қиын жағдайын түсінудің орнына пайда мен тәртіп алға шыққан. Бұл тұс пікірталас тудырады, өйткені мәтін нарықтың өзін емес, адамдық жауапкершіліктен босап кеткен нарықтық сананы сынайды. Сондықтан «Бекторының қазынасы» қоғамдағы бай мен кедей айырмасын ғана суреттемейді. Әңгіме одан қиын мәселені қозғайды - адам әлеуметтік табысқа жетемін деп өз жүрегін қай тұста жоғалтады? Қайырболдының жолы осы сұрақтың көркем моделі ретінде берілген.

Зерттеу барысында әңгіменің семантикалық құрылымындағы негізгі концептуалдық түйін – «жүрек» ұғымы екені анықталды. Т. Әсемқұлов шығармасында жүрек биологиялық мүше емес, адамдық болмыстың аксиологиялық өлшемі ретінде ұсынылады. Бұл ой Бекторының философиялық монологында айқын көрінеді:

– «Айтайын дегенім, жүрек, бар болғанда – жоқ. Ол, өзі жоқ болғанда ғана бар». [13, 283]. Аталған ой арқылы автор жүректі эмоция емес, жауапкершілік пен батылдықтың көрінісі ретінде ұсынады. Тірі жүрек пен мәрмәр жүрек оппозициясы адамның моральдық таңдауының екі полюсін айқындайды:

– «Мәрмәр жүрек ыңғайлы. Бірді-екілі адам болмаса, тірі жүрегін іздеп келген ешкім жоқ». [13, 283]. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мәрмәр жүрекке көшу Қайырболдыны әлсіз етпейді, керісінше оны әлеуметтік тұрғыдан «табысты» етеді. Алайда дәл осы табыс кейіпкердің ішкі босансуымен, туыстық байланыстардың үзілуімен қатар жүреді. Мұны ата-әжесінің үйі алдындағы эпизод айқын дәлелдейді:

– «Таныс қақпаның алдына келіп ұзақ тұрды. Бірақ өз бойынан ешқандай сезім таба алмады. Қызық деді қайран қалып. Әке-шешемнен ес білмейтін кезімде айрылыппын. Кемпір-шал... атам мен әжем тәрбиелеп өсірді. Әкем де, шешем де осылар еді. Бірақ неге жүрегім селт етпейді. Ішімде неге ықылас-пейіл жоқ. Мынау тұрған жұпыны үйден, бастан өткен кіріптар өмірден неге жиренем... Білмеймін... Әйтеуір мына қақпаға кіргім келмейді... Осыны ғана білем»... [13, 291]. Бұл көрініс жүректің жоғалуын бейнелейтін символдық шегіне жеткен сәт болады.

Кесте 1. – Жүрек метафорасына негізделген негізгі концепт-моделдер классификациясы

№	Негізгі концепт / мотив	Мәтіннен үзінді	Көркемдік-функционалдық талдау
1	Бекторы архетипі (мифопоэтика)	– Иә, иә, сол баяғы перінің қызы Бекторымын, – деген қыз, адамның ойын оқитын әдетімен, – Әжең талай айтып берген «Ер Төстік».	Фольклорлық архетип заманауи мәтінде метафизикалық «сынақ жүргізушіге» айналады. Бекторы – зұлымдық емес, адамды таңдауға мәжбүрлейтін күш.
2	Жүрек концепті (аксиология)	– Айтайын дегенім, жүрек, бар болғанда – жоқ. Ол, өзі жоқ болғанда ғана бар.	Жүрек – эмоция емес, адамдық жауапкершілік өлшемі. Айтылған ой арқылы моральдық мән күшейтіледі.
3	Мәрмәр жүрек	– Міне, барлығының жүрегі осы жерде деуге болады, – Бекторы сөрелерді иегімен нұсқады, – Мәрмәр жүрек ыңғайлы. Бірді-екілі адам болмаса өзінің тірі жүрегін іздеп келген ешкім жоқ.	Қоғамдағы жүрексізденудің символы.

Зерттеу нәтижелері әңгіменің соңында «түс/ояну» құрылымының формалық тәсіл ғана емес, мәтіннің философиялық тұтастығын қамтамасыз ететін маңызды нарративтік шешім екенін дәлелдейді. Сағындық бейнесінің пайда болуы оқиғаны жеке кейіпкер тағдыры шеңберінен шығарып, ұжымдық тәжірибе деңгейіне көтереді:

– «Сөзіңіз асыл, Бекторы, – деді Сағындық төмен қараған күйі, – Тек бір ғана түйткіл бар. Мен неге басқа адамның кебін кидім, осы түсініксіз...» [13, 304]. Бұл сұрақтар мәтінді экзистенциалдық кеңістікке шығарады. Қайырболдының өмірін «киіп көру» арқылы Сағындық, әрі сонымен бірге оқырман, бөгде тағдырды өз тағдырындай сезінеді. Осы метанарративтік шешім арқылы автор эмпатияны қоғамды сақтап қалатын басты шарт ретінде ұсынады.

Әңгіменің көпқабатты құрылымы оны талдауға да, оқытуға да қолайлы етеді. Мұнда бір ғана оқиға желісі жоқ. Бір қабатта - «Ер Төстікпен» жалғасатын мифтік арна, екінші қабатта - бүгінгі қала адамына таныс әлеуметтік қысым, үшінші қабатта - жүректен айырылу арқылы еркіндікке жетуге бола ма деген сұрақ жатыр. Мифопоэтикалық интертекст оқырманға фольклордың қазіргі прозада жай қайталанбайтынын, жаңа мағынамен қайта оралатынын көрсетеді. Урбанистік кеңістік те жай фон емес. Банк, ақша, мансап, сыртқы табысқа ұмтылу секілді детальдар қазіргі жас буын жақсы танытын ортаға жақын. Ал «жүрек» концепті шығарманың ең өткір нүктесіне айналады. Бекторының ұсынысы еркіндік секілді естіледі, бірақ оның астарында адамдықтан бас тарту шарты жатыр:

– «Азат болғың келсе, ерікті болғың келсе, жүрегіңнен құтыл» [13, 283].

Осы бір сөйлем проблемалық талдауды бастауға толық жетеді. Шынымен, жүректен құтылған адам еркін бола ма? Әлде ол тек жауапкершіліктен, мейірімнен қашқан жүрексіз адамға айнала ма? Әңгіме дайын жауап ұсынбайды. Керісінше, оқырманды осы сұрақтың ішіне кіргізеді. Сондықтан үзінді құндылыққа бағытталған оқытуда да маңызды: ол оқушыны мәтінді мазмұндауға емес, таңдау, ар, еркіндік туралы ойлануға мүмкіндік береді.

Бұл сөйлем әдеби мәтіннің философиялық өзегін ашып қана қоймай, оқырманды еркіндік ұғымын моральдық тұрғыдан пайымдауға жетелейді.

1 – кесте жалғасы

4	Урбанистік кеңістік (қала хронотопы)	«Алматының орталық көшелері қызыл-жасыл шамдармен сәулеленіп түнгі өмір басталады. Қымбат мейрамханаларға қымбат автомобиль мініп келіп түсіп жатқан, ақылға сымас қымбат	Қала – моральдық сынақ кеңістігі. Байлық пен кедейлік қарама-қарсылығы этикалық конфликт тудырады.
---	--------------------------------------	---	--

		киім киіп, әшекей тағынған адамдар»...	
5	Банк және кредит дискурсы (әлеуметтік сын)	«Біз енді, жылап-еңіреп кіргендерге кеңшілік жасай беретін, ақша шашатын меценат емеспіз, демеуші емеспіз, – Қайырболды керіліңкіреп отырды, – Біз банкпіз»...	Экономикалық тіл адамдықты ығыстырады.
6	Айна-бала мотиві (катарсис)	«Бала бұның өзінен аунымайды екен...»	Кейіпкердің өткенін тануы – ар-ұяттың қайта оянуы.
7	Түс / ояну құрылымы (метанарратив)	«Мен неге түсімде басқа адам болдым?»	Оқиға – жеке тағдыр емес, ұжымдық тәжірибе. Оқырман да «Қайырболды» болады.

ТАЛҚЫЛАУ

Әңгімені қарастыра отырып, мынадай негізгі талқылаулар анықталады. Ертедегі аңыз-әңгімелер мен мифтер адамзат санасының жемісі екені айқын. Бүгінгі дәуір адамы үшін оның бәрі шындыққа жанаспайтын қиялдың жемісі боп есептелгенімен, ертедегі қазақ даласында үстем болған құндылықтар жүйесін танып білуде халықтық проза үлгілерінің таптырмас құрал бола алатынын жоққа шығара алмаймыз. [14, 25]. Әңгімеде ертегілік «Ер Төстік» пен ондағы перінің қызы Бекторы туралы әженің әңгімесі Сағындықтың түсінде пайда болатын Бекторы бейнесімен астасып, қазақтың ауызша ертегілік дәстүрі мен қазіргі урбанистік өмірді рухани деңгейде байланыстырады. Бекторы – тек жын-пері емес, адамның жүрегін, ар-ожданын сынайтын, жүрексіз байлық пен жүректі кедейліктің арасынан таңдататын күш. Осы арқылы жазушы бүгінгі қоғамдағы моральдық таңдауларды ұлттық дүниетанымның категорияларымен пайымдайды.

Жеке тұлғаның бойында бір мезетте бірнеше жалпыадамдық құндылық қатар өмір сүреді. Алайда дүниетанымдық тұрғыдан жеке тұлғаның құндылықтық бағдары бірдей бола бермейді. Жекелеген адамдардан қоғам құралады десек, әлеуметтік жүйе үшін де құндылықтардың алар орны орасан. Өйткені құндылықтар қоғамдық нормалар мен мәдени жүйелердің негізін қалыптастырады [14, 23]. Сонымен бірге шығарма өзегінде кісілік, адалдық, обал-сауапты сезіну, жауапкершілік, ата-ананың, ата-әженің еңбегін бағалау сияқты адамгершілік ұғымдар тұр. Бұл құндылықтар көбіне Қайырболдының балалық шағы, ата-әжесінің іс-әрекеті, несие алып күйрейді де, отбасын тірей алмай кеткен ақ шашты адам образы арқылы ашылады. Ал Бекторы – біржақты жағымды немесе біржақты жағымсыз кейіпкер емес, адам баласын шеткі шешімге итермелейтін, жүрек пен мәрмәр жүректің, рухани жауапкершілік пен еркіндік, бірақ байлықтың арасынан таңдататын сынаушы күш ретінде көрінеді.

Әңгімеде оқиға баяндалуы жалаң фактілер қатарымен шектелмейді. Автор әрбір детальдің астарына символдық мағына жүктейді: жүзік, мәрмәр жүректер залы, банкир Қайырболдының шешімдері, ақ шашты адамның отбасы, өзіндей болып туған кішкентай бала, Сағындықтың журналист ретіндегі күнделікті өмірі – барлығы адам мен қоғам, жүрек пен байлық, жауапкершілік пен немқұрайлылық туралы үлкен сұрақтарды көтереді. Мұндай әдіс Т. Әсемқұлов прозасының мәдени-антропологиялық сипатын күшейтіп, мәтінді көпқабатты, интертекстуалды құрылымға айналдырады.

Әңгіме – белгілі бір қоғамда, тарихи-мәдени ортада адам болмысының өлшемі не екенін анықтайтын сұраққа берілген көркем жауап. Әсемқұлов «қазына» ұғымын байлықтың сыртқы белгісі ретінде ғана алмайды. Ол арқылы ұлттық болмыстың өзегінде тұрған қасиеттерді - адалдықты, әділдікті, жүректілікті, обал мен сауапты сезіне білуді қайта пайымдайды. Әңгімеде қазына алдымен көзге көрінетін дүние сияқты беріледі: асыл жүзік, шексіз депозит, зәулім сарай, шетелдік банктердегі есепшоттар. Бәрі өте нақты, өте тартымды. Сырттай қарағанда Қайырболдыға ұсынылған «қазына» - материалдық молшылық. Ішкі мағынасында

ол - адамның жүрегінің неге айырбасталатынын көрсететін сынақ. Ақша көбейген сайын жүрек әлсіз бола ма? Байлық адамның еркіндігін кеңейте ме, әлде оны өз мүддесінің тұтқынына айналдыра ма? Әңгіме осы сұрақтарды ашық қалдырады. Сондықтан «қазына» мұнда зат емес, құндылықтар арасындағы қақтығысты жинап тұрған аксиологиялық түйін ретінде көрінеді. Алайда оқиға өрбіген сайын шынайы қазына – адамның тірі жүрегі, ар-ожданы мен мейірімі екені айқындалады.

Сағындықтың Қайырболдының тағдырын түсінде өз басынан кешуі де осы идеяны күшейтеді: өзге адамның орнына өзін қоя алу, бөтен тағдырды өз тағдырындай сезіну – бүгінгі ұрпақ үшін аса қажет рухани құзыреттілік ретінде ұсынылады. Әңгімеде кейіпкерлер жүйесі үш деңгейлі құрылымға негізделген.

Сағындық – әңгіменің шетінде тұрып, болған оқиғаға жай ғана куә болатын кейіпкер емес. Оқырманға моральдық ауырлықты сездіретін сана да – сол. Тележурналист ретінде ол адамның тағдырын, қоғамдағы қайшылықты, құндылықты бақылауға үйренген. Бірақ Қайырболдының өмірін түс ішінде өз басынан өткізуі оны сыртқы бақылаушы күйінде қалдырмайды. Біреудің өмірін сырттай бағалау бөлек, сол өмірдің ішіне кіріп, ауырсынуын өз жүйкемен сезіну бөлек. Сағындық осы айырманы бастан кешіреді. Әңгіменің әсері дәл осы тұста қоюланады.

Қайырболдының өмір жолы жетімдік, жоқшылық, қорлық, ауыр еңбек, содан кейін аяқ астынан келген байлық. Бірақ Таласбек Әсемқұлов оны «қиындықтан шығып, табысқа жеткен азамат» ретінде көрсетпейді. Керісінше, кедей даяшыдан ықпалды банкирге айналған адамның ішкі кеңістігі қалай босап қалғанын ашады. Ақша келеді, билік келеді, бірақ жүрек алыстайды. Қайырболдының тағдыры да осында – өмір жақсарған сайын адамның өзі жұтаңдай бастайды.

Бекторы – әңгіменің ең күрделі бейнесі. Ол «Ер Төстіктегі» пері қызының дәл көшірмесі емес. Жаңа мәтінде Бекторы адамға зұлымдықты күштеп таңбайды. Ол тек мүмкіндік береді. Жүректерді жинайды, ауыстыруды ұсынады. Ал соңғы таңдауды адамның өзіне қалдырады. Осы себепті Бекторы кәдімгі жаудан қауіптілеу көрінеді. Сыртқы қысымнан қашуға болады, ал ішкі келісімнен қашу қиын.

Қосалқы кейіпкерлер де маңызды. Ақ шашты адам мен оның отбасы – несие жүйесінің қысымында қажыған қарапайым отбасының көркем жинағы. Банк үшін олар – төлем мерзімін өткізіп алған клиенттер. Ал көркем мәтін үшін – үйінен айырылу қаупіне тірелген, үміті үзілген адамдар. Ата мен әже – Қайырболды жоғалтып алған мейірімнің, отбасылық жауапкершіліктің, тәрбиеден келген ішкі жан дүниенің үнсіз өлшемі. Машина қағып кеткен бала да жай эпизод емес. Ол Қайырболдыны өз балалығына қайта әкеледі. Өткен өмірді сызып тастауға болмайтынын еске салады. Алғашында кездейсоқ көрінетін көрініс, шын мәнінде, кейіпкердің ішкі оянуына әкелетін айнаға айналады.

Кейіпкерлер жүйесі арқылы «Бекторының қазынасы» бір адамның құлдырауын ғана емес, қоғамдағы құндылықтардың қалай қозғалғанын көрсетеді. Әңгіме адам табысқа жеткенде нені құрбан етеді? Ең қауіптісі – жоғалтқанын қай кезде ғана түсінеді?

«Бекторының қазынасы» жас оқырманға дайын ой ұсынбайды. Бірақ адамгершілікке қатысты бірнеше түйінді тура қояды. Соның бірі – жауапкершілік. Қайырболды бала кезінде қиындықты да, қорлықты да көреді. Кейін билік пен ақшаға қол жеткізгенде сол көргенін түсіністікке емес, қаттылыққа айналдырады.

Обал-сауап, кісі ақысы, қысастық сияқты ұғымдар әңгіменің шетінде емес, қақ ортасында тұр. Ақ шашты адамның тағдыры осыны ашып береді. Банк үшін өтелмеген қарыз – келісімшарттағы тармақ, есептік тәуекел, заңды рәсім. Ал отбасы үшін – үйдің шайқалуы, адамның көз алдында қадірінің түсуі, ертеңге сенімнің азаюы. Осы жерде қаржылық шешімнің де моральдық салмағы бар екені сезіледі.

Адалдық пен жүректің құны да насихат түрінде берілмейді. Қайырболды байлыққа жеткен соң ғана жүрексіз өмірдің қаншалықты суық екенін аңғарады. Тірі жүрек ауырсынады, кателеседі, ұялады, кешіреді. Мәрмәр жүрек қорған секілді көрінуі мүмкін, бірақ онда адамды адам етіп ұстап тұратын құндылық жоқ. Сондықтан әңгімедегі ең қымбат нәрсе сарайда, банк шотындағы ақша да емес. Ең қымбат дүние – жоғалтпай сақталған жүрек.

Сағындықтың Қайырболды болып өмір сүруі эмпатияны көркем тәсілмен нақтылайды. Сол өмірдің ішінен өту мүлде басқа. Т. Әсемқұлов осы аралықты әдейі кеңейтеді. Сағындық түс арқылы Қайырболдының қорқынышын, қатесін, әлсіздігін, өзіне өзі айтпай жүрген шындығын сезінеді. Мұндай шешім оқырманға да әсер етеді.

Әңгіме рухани тазалық пен өзіне қайта қарау мәселесін де қозғайды. Қайырболды жүрегін қайтарып алғаннан кейін бұрынғы өміріне оралады. Ол ата-әжесіне қайта барады, сүйген қызына шын сөз айтуға тәуекел етеді, өзін өзі алдауды қояды. Әңгіме осы қарапайым қадамдардың ішкі салмағын қайта сездіреді.

Алматы кеңістігі шығармада бөлек мағына жүктейді. Қала – жай фон емес, кейіпкерді сынайтын моральдық орта. Ресторан, қымбат көлік, банк, несие, сыртқы сән – Қайырболдының жаңа өмірін құраған заттар. Бірақ сол заттар оның ішкі болмысын да біртіндеп өзгертеді. Қала мұнда тек мүмкіндік мекені емес, құндылықтар соқтығысатын алаң ретінде ашылады. Бір адам үшін қала – көтерілу, даму кеңістігі. Басқа біреу үшін – өзін жоғалтатын орын. Екі қыр қатар жүреді. Әлеуметтік теңсіздік те шығармада экономикалық термин болып қалмайды. Т. Әсемқұлов оны адамдар арасындағы этикалық қашықтық ретінде береді.

Шығарманың негізгі аксиологиялық тірегі – «жүрек» концептісі. Тірі жүрек пен мәрмәр жүрек қарама-қарсылығы мәтіндегі моральдық қақтығыстардың бәрін өзіне жинайды. Тірі жүрек – жауапкершілік, мейірім, ар алдында мазасыздану. Мәрмәр жүрек – пайда, өзін ғана сақтау, салқын есеп. Қайырболдының әлеуметтік өсуі рухани жұтандаумен қатар жүреді. Ал жүректің қайта оралуы – адамдық жауапкершіліктің қайта тірілуі секілді. Бұл жай әдемі образ емес. Әңгіменің бүкіл этикалық құрылымын ұстап тұрған өзек.

Зерттеудегі түс пен оянуға құрылған мета-нарративтік құрылым да кездейсоқ алынбаған. Сағындық басынан өткерген оқиға жеке бір адамның түсі секілді көрінгенімен, мағынасы әлдеқайда кең. Автор осы тәсіл арқылы бір кейіпкердің тағдырын көпшілікке ортақ рухани тәжірибеге жақындатады. Бөгденің өмірін өз тағдырындай сезіну – әңгіменің ең мықты гуманистік қабаты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесінде тәуелсіздік дәуіріндегі рухани-этикалық дағдарыстың қалай көркемделгенін ашу. Осы мақсатта интертекстуалдық, мифопоэтикалық, нарратологиялық, концептологиялық және салыстырмалы-типологиялық тәсілдер қолданылды. Талдау барысында қала кеңістігі, банк пен несие, мифтік бейнелер, «жүрек» концептісі, түс пен ояну құрылымы жеке-жеке емес, бір-бірін толықтыратын тұтас көркем жүйе екені көрінді. «Бекторының қазынасы» қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік-философиялық ізденістің салмақты үлгілерінің бірі. Т. Әсемқұлов фольклорлық архетипті сол күйінде қайталамайды. «Ер Төстіктегі» Бекторы урбанистік ортаға көшіріліп, жаңа қызмет атқарады. Енді ол сырттан шабуылдайтын жау емес, адамның ішкі әлсіздігін, моральдық таңдауын, пайда мен ар арасындағы тұсты сынайтын метафизикалық тұлғаға айналады. Миф осылайша өткенді еске салатын декоративті форма емес, бүгінгі рухани ахуалды түсіндіретін құрал ретінде жұмыс істейді.

Шығарманың көркемдік қуаты символдық жүйенің кеңдігінен де байқалады. «Қазына» алғашында заттық байлықты еске салады. Бірақ мәтін тереңдеген сайын ол рухани және мәдени құндылықтардың белгісіне айналады. Жүзік, депозит, сарай, шетелдік банктердегі шоттар – сыртқы жылтыр. Ал шын қазына – жүректен айырылмай қалу. Автор осы қарама-қарсылық арқылы адалдық, мейірім, обал-сауапты сезіну, өзгенің ақысына тоқтау, ар алдында ұялу секілді ұғымдарды қайта алға шығарады. Қайырболдының психологиялық өзгерісі де шығармадағы негізгі ойды тереңдетеді. Сағындықтың сол өмірді түс арқылы бастан кешіруі оқырманды сыртқы бақылаудан ішкі қатысуға алып өтеді. Эмпатия мұнда теориялық термин ретінде емес, нақты сезімдік тәжірибе ретінде ашылады. Қала, банк, несие, әлеуметтік табыс секілді ұғымдар шығармада қосымша фон деңгейінде қалмайды. Олар адамдық қатынастың

қалай өзгеріп бара жатқанын көрсететін нақты белгілерге айналады. Алматының түнгі кеңістігі мен банктегі оқиға бір желіге тоғысады: сырттай табысты көрінетін орта, іштей жүрексізденіп бара жатқан адам.

Зерттеу нәтижесі шығармада миф пен әлеуметтік шындықтың, ұлттық дүниетаным мен қазіргі моральдық құндылықтың бір арнаға түскенін көрсетті. Осы арнаның негізгі түйіні – «жүрек» концептісі. Тірі жүрек – адамның ішкі еркіндігі мен жауапкершілігінің белгісі. Мәрмәр жүрек – сырттай қорған секілді көрінетін, бірақ адамды өз болмысынан алыстататын салқын қуыс. Қайырболдының жүрегін қайтаруы тек жеке кейіпкердің түзелуі емес. Бұл – мәтіндегі гуманистік үміттің қайта жануы.

Қорытындылайтын болсақ, «Бекторының қазынасы» әңгімесі тәрбиелік, танымдық және әдістемелік жағынан да маңызды. Шығарма мектепте де, жоғары оқу орнында да көркем мәтінді терең талдауға, мифопоэтикалық қабатты түсіндіруге, этикалық сұрақтарды әдеби контексте талқылауға қолайлы. Мәтін дайын жауап ұсынбайды, керісінше, оқырманды дәлелді пікір айтуға итермелейді. Әңгіме – қазақ прозасындағы рухани құндылықтарды жаңаша пайымдаған, тәрбиелік және танымдық маңызы жоғары көркем туынды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Адилова А. С. Қабылдау стилистикасы: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2016. – 100 б.
- 2 Смаилова А., Кауқербекова Б., Рахымберлина С., Рахимбаева Б. Көркем фантастика мәтіндерінің вербалды қабатының ерекшеліктері // Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – №4. – Б. 223–235.
- 3 Қасабек А. Ұлттық руханияттың құндылық болмысы // Қазақтану өрісі: оқу құралы / жалпы ред. Ж. Молдабеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 204 б.
- 4 Roesler C. C. Jung's Archetype Concept: Theory, Research and Applications. – London: Routledge, 2021. – 224 p. – DOI: <https://doi.org/10.4324/9781003058458>
- 5 Abbar E. M. A Critical Analysis of Symbolism in Modernist Literature with Reference to T. S. Eliot and Roland Barthes // South Asian Research Journal of Art, Language and Literature. – 2023. – Vol. 5, №4. – P. 138–142. – URL: https://sarpublication.com/media/articles/SARJALL_54_138-142.pdf
- 6 Tryniecka A. Bakhtin's Dialogism, Intertextual Theories and Neo-Victorian Fiction // Annales Universitatis Mariae Curie-Skłodowska. Sectio FF Philologiae. – 2020. – Vol. 38, №1. – P. 171–185. – DOI: <https://doi.org/10.17951/ff.2020.38.1.171-185>
- 7 Verma A., Verma D. K. Digital Mythmaking: The Rebirth of Archetypes in Postmodern Literature // IJSRHSS. – 2025. – Vol. 2, №5. – P. 92–98. – DOI: <https://doi.org/10.32628/IJSRHSS253812>
- 8 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
- 9 Искакова Ж. М., Демесинова Л. М. Урбанистік әдебиет және оның зерттелуі // Dulatory University хабаршысы. – 2024. – №2. – Б. 18–25.
- 10 Жанұзақова Қ. Т., Қамбарова Б. Ғ. Т. Әсемқұлов прозасындағы көркемдік-стильдік ізденістер // Торайғыров университетінің хабаршысы. – 2022. – №1. – Б. 29–39.
- 11 Әсемқұлов Т. Сұлулықта ояну // Алматы ақшамы. – 2013. – 26 желтоқсан. – №155. – Б. 5.
- 12 Zharylgapov Zh., Syzdykova B., Kaiyrbekova A., Babashov A., Shakirova K. Myth and Mythological Discourse in Literary Studies // Bakhtiniana: Revista de Estudos do Discurso. – 2023. – Vol. 18, №4. – DOI: <https://doi.org/10.1590/2176-4573e63680>
- 13 Әсемқұлов Т. Бекторының қазынасы. – Астана: «Отукеп мәдениетті дамыту қоры» ҚҚ, KazHeritage, 2025. – 400 б.
- 14 Худайбергенов Н. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар: философия докторы (PhD) диссертациясы. – Алматы, 2020. – 163 б.4

Художественно-идейные особенности рассказа Таласбека Асемкулова «Сокровище Бекторы»

Б. Абдигазиулы¹, Т.Е. Нургали¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, 050010, Казахстан

В статье рассматриваются художественные и идейные особенности рассказа Таласбек Асемкулов «Сокровище Бекторы» в контексте литературного процесса периода Независимости Казахстана. Исследование основано на анализе общественно-социальных изменений конца XX — начала XXI века, повлиявших на трансформацию художественного сознания в казахской литературе. Особое внимание уделяется новой интерпретации мифологических образов, влиянию урбанизации, рыночных отношений и изменения системы ценностей на изображение человеческой природы в художественном тексте. В рассказе национальное мировоззрение сталкивается с современной социальной реальностью. Автор вводит древний мифологический образ Бекторы в пространство современной городской жизни, раскрывая духовный кризис человека и снижение ценности морального выбора. В работе анализируется трансформация образа Бекторы из традиционного мифического персонажа в психологический и социальный символ урбанистической эпохи. Методологическую основу исследования составляют мифопоэтический, интертекстуальный, нарратологический и концептуальный методы анализа. Научная значимость статьи заключается в рассмотрении произведения как социально-философского текста, отражающего моральный кризис современного казахского общества, а также проблему соотношения свободы и ответственности. Символ «сердца» интерпретируется не только как эмоциональная категория, но и как знак выбора между материальными ценностями, карьерой и сохранением человеческой сущности. Практическая значимость исследования определяется возможностью использования его результатов в преподавании казахской прозы периода Независимости, в анализе художественного текста и изучении функций мифологических образов в современной литературе. В результате исследования установлено, что рассказ поднимает проблемы нравственной ответственности, свободы и морального выбора не как абстрактные понятия, а как реальное духовное испытание человека.

Ключевые слова: национальное мировоззрение, мифопоэтика, интертекстуальность, урбанистическое пространство, концепт «сердце», нарратология.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Адилова А. С. Стилистика восприятия: учебное пособие. – Алматы: Эверо, 2016. – 100 с.
- 2 Смаилова А., Каукербекова Б., Рахымберлина С., Рахимбаева Б. Особенности вербального слоя текстов художественной фантастики // Вестник Кокшетауского университета имени Ш. Уалиханова. Серия филологическая. – 2025. – №4. – С. 223–235.
- 3 Касабек А. Ценностная природа национальной духовности // Поле казахстановедения: учебное пособие / под общ. ред. Ж. Молдабекова. – Алматы: Казахский университет, 2005. – 204 с.
- 4 Roesler C. C. G. Jung's Archetype Concept: Theory, Research and Applications. – London: Routledge, 2021. – 224 p. – DOI: <https://doi.org/10.4324/9781003058458>
- 5 Abbar E. M. A Critical Analysis of Symbolism in Modernist Literature with Reference to T. S. Eliot and Roland Barthes // South Asian Research Journal of Art, Language and Literature. – 2023. – Vol. 5, №4. – P. 138–142. – URL: https://sarpublishation.com/media/articles/SARJALL_54_138-142.pdf

- 6 Tryniecka A. Bakhtin's Dialogism, Intertextual Theories and Neo-Victorian Fiction // *Annales Universitatis Mariae Curie-Skłodowska. Sectio FF Philologiae*. – 2020. – Vol. 38, №1. – P. 171–185. – DOI: <https://doi.org/10.17951/ff.2020.38.1.171-185>
- 7 Verma A., Verma D. K. Digital Mythmaking: The Rebirth of Archetypes in Postmodern Literature // *IJSRHSS*. – 2025. – Vol. 2, №5. – P. 92–98. – DOI: <https://doi.org/10.32628/IJSRHSS253812>
- 8 Nurgali R. Золотой век казахской литературы. – Астана: Культегин, 2002. – 528 с.
- 9 Iskakova Zh. M., Demessinova L. M. Урбанистическая литература и её изучение // *Вестник Dulary University*. – 2024. – №2. – С. 18–25.
- 10 Zhanuzakova K. T., Kambarova B. G. Художественно-стилистические поиски в прозе Т. Асемкулова // *Вестник Торайгыров университета*. – 2022. – №1. – С. 29–39.
- 11 Asemkulov T. Пробуждение в красоте // *Алматы ақшамы*. – 2013. – 26 декабря. – №155. – С. 5.
- 12 Zharylgapov Zh., Syzdykova B., Kaiyrbekova A., Babashov A., Shakirova K. Myth and Mythological Discourse in Literary Studies // *Bakhtiniana: Revista de Estudos do Discurso*. – 2023. – Vol. 18, №4. – DOI: <https://doi.org/10.1590/2176-4573e63680>
- 13 Asemkulov T. Сокровища Бекторы. – Астана: ОФ «Фонд развития культуры Otuken», KazHeritage, 2025. – 400 с.
- 14 Khudaybergenov N. Общечеловеческие ценности в современной казахской прозе: диссертация на соискание степени доктора PhD. – Алматы, 2020. – 163 с.

Материал поступил в редакцию журнала 28.03.2026

Artistic and ideological features of Talasbek Asemkulov's short story "Bektory's treasure"

B. Abdigaziuly¹, T. Nurgali¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, 050010, Kazakhstan

This article examines the artistic and ideological features of Talasbek Asemkulov's story Bektory's Treasure within the context of the literary processes of Kazakhstan's Independence period. The study focuses on the socio-cultural transformations of the late twentieth and early twenty-first centuries that influenced the development of artistic consciousness in Kazakh literature. Particular attention is paid to the reinterpretation of mythological imagery and the impact of urbanization, market relations, and changing value systems on the representation of human existence in literary texts. The research aims to analyze the transformation of the image of Bektory from a traditional mythological character into a psychological and social symbol of the modern urban age. The methodological framework is based on mythopoetic, intertextual, narratological, and conceptual approaches.

The analysis demonstrates that the story reflects the collision between the national worldview and contemporary social reality, revealing the spiritual crisis of the individual and the erosion of moral choice. The image of Bektory acquires new symbolic meanings associated with the challenges of modern urban life, while the concept of the "heart" functions as a symbol of the choice between material success, career ambitions, and the preservation of human integrity. The study interprets the work as a socio-philosophical text that explores the relationship between freedom, responsibility, and ethical choice in contemporary Kazakh society. The findings contribute to a deeper understanding of mythological imagery in modern Kazakh prose and may be applied in the teaching of Independence-period literature, literary text analysis, and courses on contemporary literary studies.

Key words: national worldview, mythopoetics, intertextuality, urban space, the concept of the "heart," narratology.

REFERENCES

- 1 Adilova A. S. *Stylistics of Perception: Study Guide*. – Almaty: Evero, 2016. – 100 p.

- 2 Smailova A., Kaukebekova B., Rakhymberlina S., Rakhimbaeva B. Features of the Verbal Layer of Fictional Fantasy Texts // Bulletin of Sh. Ualikhanov Kokshetau University. Philology Series. – 2025. – No. 4. – P. 223–235.
- 3 Kasabek A. The Value Nature of National Spirituality // Field of Kazakh Studies: Study Guide / ed. Zh. Moldabekov. – Almaty: Kazakh University, 2005. – 204 p.
- 4 Roesler C. C. G. Jung's Archetype Concept: Theory, Research and Applications. – London: Routledge, 2021. – 224 p. – DOI: <https://doi.org/10.4324/9781003058458>
- 5 Abbar E. M. A Critical Analysis of Symbolism in Modernist Literature with Reference to T. S. Eliot and Roland Barthes // South Asian Research Journal of Art, Language and Literature. – 2023. – Vol. 5, No. 4. – P. 138–142. – URL: https://sarpublishment.com/media/articles/SARJALL_54_138-142.pdf
- 6 Tryniecka A. Bakhtin's Dialogism, Intertextual Theories and Neo-Victorian Fiction // Annales Universitatis Mariae Curie-Skłodowska. Section FF Philologiae. – 2020. – Vol. 38, No. 1. – P. 171–185. – DOI: <https://doi.org/10.17951/ff.2020.38.1.171-185>
- 7 Verma A., Verma D. K. Digital Mythmaking: The Rebirth of Archetypes in Postmodern Literature // IJSRHSS. – 2025. – Vol. 2, No. 5. – P. 92–98. – DOI: <https://doi.org/10.32628/IJSRHSS253812>
- 8 Nurgali R. The Golden Age of Kazakh Literature. – Astana: Kultegin, 2002. – 528 p.
- 9 Iskakova Zh. M., Demessinova L. M. Urban Literature and Its Study // Bulletin of Dulaty University. – 2024. – No. 2. – P. 18–25.
- 10 Zhanuzakova K. T., Kambarova B. G. Artistic and Stylistic Searches in the Prose of T. Asemkulov // Bulletin of Toraighyrov University. – 2022. – No. 1. – P. 29–39.
- 11 Asemkulov T. Awakening in Beauty // Almaty Aqshamy. – 2013. – 26 December. – No. 155. – P. 5.
- 12 Zharylgapov Zh., Syzdykova B., Kaiyrbekova A., Babashov A., Shakirova K. Myth and Mythological Discourse in Literary Studies // Bakhtiniana: Revista de Estudos do Discurso. – 2023. – Vol. 18, No. 4. – DOI: <https://doi.org/10.1590/2176-4573e63680>
- 13 Asemkulov T. Treasures of Bektory. – Astana: Public Foundation “Otuken Cultural Development Fund”, KazHeritage, 2025. – 400 p.
- 14 Khudaybergenov N. Universal Human Values in Modern Kazakh Prose: PhD Dissertation. – Almaty, 2020. – 163 p.

Received: 28.03.2026

XFTAP 17.18.12.03

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss2pp243-256](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss2pp243-256)

Қ.М. Байтанасова¹, *А.Е. Алимбаев¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан

ӘДЕБИ ТУЫНДЫДАҒЫ ЭМОЦИЯНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ-БАҒАЛАУЫШТЫҚ СИПАТЫ

Мақалада әдеби туындының көркемдік кеңістігі мен эмоция категориясының эстетикалық сипаты қарастырылады. Эстетикалық түсініктің табиғи және әлеуметтік тұрғыда кемелденуі адамзат тарихымен ажырағысыз сабақтастықта екені дәлелденеді. Сол сияқты адамның тұрмыс-тіршілігіндегі, рухани дүниесіндегі өзгеріс, өнер түрлерінің пайда болуы, салт-дәстүр арқылы мәдени көріністердің орнығуы, қоршаған ортаға деген бағалауыштық-эстетикалық қабылдаудың тууына әкелгендігі айқындалады. Зерттеудің өзектілігі эстетиканың макроөрісі адам, қоғам, мәдениетті біріктіріп, адамзаттың рухани құндылығын жүйелеп отыратындығын негіздеуінен көрінеді. Зерттеу барысында әдеби